

"Автомобильді монтаждау және сынау" кәсіби стандартын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 340 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 9 сәуірде № 10654 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 2019 жылғы 3 қазандағы № 751 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 03.10.2019 № 751 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 15 мамырдағы Еңбек кодексі 138-5-бабының 3-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:

1. Қоса беріліп отырған "Автомобильді монтаждау және сынау" кәсіби стандарты бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Индустріялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті (А.Қ. Ержанов):

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарында және "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастырылуын;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне осы бұйрықтың 2-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларда көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтердің ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму вице-министрі А.П. Рауга жүктелсін.

4. Осы бұйрық оның алғаш ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы

Инвестициялар және даму

министрі

Ә. Исекешев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Денсаулық сақтау және әлеуметтік

даму министрлігі

Т. Дүйсенова

2015 жылғы 6 наурыз

Қазақстан Республикасы

Инвестициялар және даму

министрінің

2014 жылғы 30 желтоқсандағы

№ 340 бұйрығымен

бекітілген

"Автомобильді монтаждау және сынау" кәсіби стандарты

1. Жалпы ережелер

1. "Автомобильді монтаждау және сынау" кәсіби стандарты білім беру бағдарламаларын қалыптастыруға, оның ішінде кәсіпорындарда персоналды оқытуға, білім беру мекемелерінің қызметкерлері мен түлектерін сертификаттауға, персоналды басқару саласындағы кең шеңбердегі міндеттерді шешуге арналған.

2. Осы кәсіби стандартта мынадай терминдер мен анықтамалар қолданылады:

1) біліктілік – қызметкердің нақты еңбек функцияларын сапалы орындауға дайын болу дәрежесі;

2) біліктілік деңгейі – еңбек іс-қимылдарының күрделілігі, стандартты болмау, жауапкершілік және дербестік параметрлері бойынша сараланатын жұмыскердің даярлық деңгейі мен құзыретіне қойылатын талаптар жиынтығы.

3) еңбек функциясы – еңбек процесінің бір немесе бірнеше міндеттерін шешуге бағытталған өзара байланысты іс-қимылдар жинағы;

4) кәсіби кіші топ – еңбек функцияларының және оларды орындау үшін қажетті құзыреттердің тұтас жинағынан қалыптастырылған кәсіптер жиынтығы;

5) кәсіби стандарт – кәсіби қызметтің нақты саласында біліктілік, құзыреттілік деңгейіне, еңбек мазмұнына, сапасына және жағдайларына қойылатын талаптарды айқындайтын стандарт;

6) кәсіби топ – жалпы ықпалдасқан негізі (ұқсас және мақсаттылығы жақын объектілер, технологиялар, оның ішінде еңбек құралдары) бар және оларды орындау үшін еңбек функциялары мен құзыреттерінің ұқсас жинағын болжайтын кәсіби кіші топтар жиынтығы;

7) кәсіп – арнайы даярлық нәтижесінде алынған және білімі туралы тиісті күжаттармен расталатын белгілі бір білімдерді, біліктерді және практикалық дағдыларды білуді талап ететін адамның еңбек қызметі кәсібінің негізгі түрі;

8) кәсіптер сыныптауышы – атауларын бірыңғайландыруға қол жеткізуге және еңбек нарығының жай-күйі бойынша деректерді статистикалық есепке алуды, салыстыруды және талдауды жүргізу мүмкіндігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін қызметтердің (кәсіптердің) жүйелендірілген тізбесі;

9) негізгі топ – шығарылатын өнімнің, өндіріс технологиясының, негізгі қорлардың және жұмыс істейтіндердің кәсіби дағдыларының ортақтығы тән кәсіпорындар мен ұйымдардың жиынтығы;

10) салалық біліктілік шенбері – салада танылатын біліктілік деңгейлерінің құрылымдалған сипаттамасы;

3. Осы кәсіби стандартта мынадай қыскартулар пайдаланылады:

1) СБШ – салалық біліктілік шенбері;

2) БА – басшылардың, мамандардың және басқа қызметшілердің лауазымдарының біліктілік анықтамалығы;

3) БТБА – Жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы;

4) КС – кәсіби стандарт.

2. КС паспорты

4. КС атавы: "Автомобильді монтаждау және сынау".

5. КС әзірлеудің мақсаты: кәсіби қызметтің мазмұны мен сапасына, машина жасаудағы монтаждау мен автомобильді сынау саласындағы мамандарға қойылатын біліктілік талаптарын айқындауға қойылатын бірыңғай талаптарды біріздендіру, белгілеу және қолдау.

6. КС қысқаша сипаттамасы: агрегаттарды монтаждауды, автомобильді құрастыру мен сынауды қамтамасыз ету.

7. Негізгі топ: машина жасау.

8. Кәсіптер сыныптауышы бойынша кәсіби топ: машина жасаудағы монтаждау және автомобильді сынау.

3. Кәсіптердің карточкалары

9. Кәсіптердің тізбесі:

- 1) жүргізуші-сынаушы, СБШ бойынша 3-4-біліктілік деңгейлері;
 - 2) тіс кескіш және тіс жонғылағыш станоктарды баптаушы, СБШ бойынша 3-4-біліктілік деңгейлері;
 - 3) металл жабыны мен бояу жабдығын баптаушы, СБШ бойынша 3-4-біліктілік деңгейлері;
 - 4) слесарь-электрмонтаждаушы, СБШ бойынша 3-біліктілік деңгейі;
 - 5) шанақтарды түзетуші, СБШ бойынша 3-біліктілік деңгейі;
 - 6) диагност-электрмеханигі, СБШ бойынша 3-біліктілік деңгейі;
 - 7) автомобильдерді құрастыру процесінің технологі, СБШ бойынша 3-біліктілік деңгейі;
 - 8) мехатроник, СБШ бойынша 3-біліктілік деңгейі;
 - 9) баптау және сынау технигі, СБШ бойынша 5-біліктілік деңгейі;
 - 10) техник-механик, СБШ бойынша 5-біліктілік деңгейі;
 - 11) инженер-технолог, СБШ бойынша 5-біліктілік деңгейі;
 - 12) инженер, СБШ бойынша 5-біліктілік деңгейі.
10. Кәсіптердің карточкалары осы КС-ге қосымшада келтіріледі.

"Автомобильді монтаждау және сынау"
кәсіби стандартына қосымша

"Жүргізуші-сынаушы" КӘСІПТІҢ КАРТОЧКАСЫ		
Кәсіптің коды	8322	
Кәсіптің атауы	Жүргізуші-сынаушы	
С Б Ш бойынша біліктілік деңгейі	3-4	
Б Т Б А бойынша біліктілік деңгейі	2-6	
Кәсіби білім деңгейі	<p>СБШ 3-деңгейі</p> <p>Негізгі орта білімі немесе практикалық тәжірибесі жоқ жалпы орта білімі базасында жалпы орта немесе техникалық және кәсіби білімі болуы кезінде практикалық тәжірибесі және/немесе кәсіби даярлығы (бір жылға дейінгі кәсіби даярлық бағдарламалары бойынша білім беру үйымдарының базасында курстар немесе кәсіпорында оқыту).</p>	<p>СБШ 4-деңгейі</p> <p>Жоғары деңгейлі техникалық және кәсіби білімі (қосымша кәсіби даярлық), практикалық тәжірибе.</p>
Еңбек функциялары	<p>1) Бекітілген бағдарламалар бойынша сынақтарды жүргізу.</p> <p>2) Сыналатын агрегаттарды, тораптарды және аспаптарды бөлшектеу, құрастыру және реттеу.</p> <p>3) Автомобильдерді технологиялық жүргізіп сынау.</p>	

	СБШ бойынша біліктілік деңгейі: 3 (біліктілік разряды: 2-4)	СБШ бойынша біліктілік деңгейі: 4 (біліктілік разряды: 5-6)
Білігі мен дағдылары	<p>1-еңбек функциясы. Бекітілген бағдарламалар бойынша сынақтарды жүргізу</p> <p>1. Автомобильдерді бас конвейерден стенділік сынау участеклеріне, жинақтау алаңдарына, қозгалмалы теміржол құрамына және арнайы автокөлікке тиесі орнына дейін жеткізуге дайындау және жеткізу.</p> <p>2. Үлгілік әдістеме бойынша сынақтың жекелеген түрлерін жүргізу.</p> <p>3. Жүріп байқау және олардың ақаулары мен конструкциялық кемшіліктерін анықтау дағдылары.</p> <p>4. Жыныстықтың ақауларын жою білігі.</p> <p>5. Үлгілік практикалық міндеттерді шешу; білімінің және практикалық тәжірибесінің негізінде іс-қымыл тәсілін тандау.</p> <p>6. Күрделі жағдайларда шешім қабылдау білігі.</p>	<p>1. Бекітілген бағдарлама бойынша түрлі жол және ауа райы жағдайында сынақ жүргізу білігі.</p> <p>2. Техникалық және нормативтік құжаттамамен жұмыс істеу білігі.</p> <p>3. Қажетті электрондық аспаптарды пайдалану дағдылары.</p>
Білімі	<p>1. Қызмет көрсетілетін автомобильдердің жұмыс істеу қағидаты.</p> <p>2. Сынақтардың жекелеген түрлері бойынша үлгілік әдістемелер.</p> <p>3. Автомобильдерді қозгалмалы теміржол құрамына және арнайы автокөлікке жүргізіп тиесі қағидалары мен олардың орналасу схемалары.</p>	<p>1. Сынақтарды жүргізу әдістемесі мен бағдарламасы.</p> <p>2. Сынақтарды жүргізу барысындағы экстремалды жағдайлардағы жүріс-тұрыс қағидалары.</p> <p>3. Тиесі алаңында көлік құралдарының күрделі маневрлеу, оларды кейіннен вагондардың екі қабатты құрылғысына жеткізіп, бекіту орнына орнатса отырып, жылжымалы тиегіш платформаның бұрма құрылғысына орнату қағидалары.</p>
Білігі мен дағдылары	<p>2-еңбек функциясы. Сыналатын агрегаттарды және тораптарды бөлшектеу, құрастыру және реттеу</p> <p>1. Автомобильдердің техникалық жарамдылығын көзben тексеру дағдылары.</p> <p>2. Автомобиль жинақтамасының ақауларын жою дағдылары.</p>	<p>1. Сыналатын күрделі тораптар мен агрегаттарды бөлшектеу, құрастыру және реттеу дағдылары.</p> <p>2. Анықталған ақауларды жою білігі.</p> <p>3. Бақылау-өлшеу аппаратурасының және сынақ жүргізетін аспаптар мен стенділерді қолдану дағдылары.</p>

	<ol style="list-style-type: none"> 1. Күрделілігі орташа тораптардың, агрегаттардың және аспаптардың қолданылу мақсаты, құрылышы және жұмыс істеу қағидаттary. 2. Автомобильдерді қабылдау және сактау қағидалары мен нұсқаулықтары. 3. Автомобильдерді жинақтаушы аландарға және тиесінде орындарына орналастыру схемасы. 4. Электр жабдығының монтаждау схемалары. 	<ol style="list-style-type: none"> 1. Күрделілігі орташа тораптардың, агрегаттардың және аспаптардың, арнайы бақылау-өлшеу аппаратурасының және сынау жабдықтарының қолданылу мақсаты, құрылышы және жұмыс істеу қағидаттary. 2. Дайындау технологиялары. 3. Монтаждау схемалары. 4. Сынау барысында пайдалану болатын ақаулардың туындау себептері, оларды жою тәсілдері.
--	--	--

	<p>3-еңбек функциясы. Автомобильдерді технологиялық жүргізіп сынау</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Тұрлі көлік құралдарына технологиялық жүргізіп сынау жүргізу білігі. 2. Даалық жағдайда синақ жүргізу дағдылары. 3. Тұрлі жол және күрделі аяу райы жағдайында жүргізіп сынау мен кешенді синақ жүргізу білігі.
--	---

	<ol style="list-style-type: none"> 1. Автомобильдерді жинау сапасына және оларды пайдалануға беруге қойылатын техникалық шарттар мен талаптар. 2. Сынақтарды жүргізу әдістемесі мен бағдарламасы. 3. Сынақтарды жүргізу барысындағы экстремалды жағдайлардағы жүріс-тұрыс қағидалары.
--	--

	<p>Жеке құзыретіне қойылатын талаптар</p> <p>Орындаушылық. Жаупкершілік.</p>
--	--

--	--	--

"Тіс кескіш және тіс жонғылағыш станоктарды баптаушы" КӨСІБІНІҢ КАРТОЧКАСЫ

Кәсіптің коды	7222	
Кәсіптің атауы	Тіс кескіш және тіс жонғылағыш станоктарды баптаушы	
С Б Ш бойынша біліктілік деңгейі	3-4	
Б Т Б А бойынша біліктілік деңгейі	4-6	
	СБШ 3-денгейі	СБШ 4-денгейі

Кәсіби білім деңгейі	Негізгі орта білімі немесе практикалық тәжірибесі жок жалпы орта білімі базасында жалпы орта немесе техникалық және кәсіби білімі болуы кезінде практикалық тәжірибесі және/немесе кәсіби даярлығы (бір жылға дейінгі кәсіби даярлық бағдарламалары бойынша білім беру ұйымдарының базасында курстар немесе кәсіпорында оқыту).	Жоғары деңгейлі техникалық және кәсіби білімі (қосымша кәсіби даярлық), практикалық тәжірибе.
Еңбек функциялары	<p>1) Түрлі үлгілегі станоктарды жөндеу және баптау.</p> <p>2) Бақылау-өлшеу аспаптары мен құрал-саймандарын қолдана отырып, оларды әртүрлі жазықтықтағы станокта аудара отырып, керек-жараптарды, кескіш құрал-саймандарды орнату.</p> <p>3) Баптағаннан кейін сынамалық бөлшектерді өндедеу.</p>	
	СБШ бойынша біліктілік деңгейі: 3 (біліктілік разряды: 4-5)	СБШ бойынша біліктілік деңгейі: 4 (біліктілік разряды: 6)
Білігі мен дағдылары	<p>1-енбек функциясы. Түрлі үлгілегі станоктарды жөндеу және баптау</p> <p>1. Кинематикалық схемаларды оку дағдылары.</p> <p>2. 7-9-дәлдік дәрежесіндегі жұмыстарды орындау үшін ауыспалы жетектерді іріктей және орната отырып, тіс кескіш, бұранда жонғылағыш, тіс сүргілегіш, тіс қашуғыш станоктарды баптау бойынша операцияларды орындау білігі.</p> <p>3. Анықталған ақауларды жою білігі.</p>	<p>1. 4-6 дәлдік дәрежесін сақтай отырып жұмыс істеу үшін ауыспалы жетектерді іріктей және орната отырып, аса күрделі, бірегей тіс жонғылағыш, тіс қашуғыш, тіс тегістегіш және тіс сүргілегіш станоктарды баптау бойынша операцияларды орындау білігі.</p> <p>2. Тіс кескіш және бұранда жонғылағыш станоктарды баптау мен байланысты есептеулерді орынду білігі.</p> <p>3. Жабдықтың бөлшектерін өндедің технологиялық кезектілігін және жұмыс істеу режимін айқындау дағдылары.</p>
Білімі	<p>1. Қызмет көрсетілетін бұранда жонғылағыш, оймакілтек жонғылағыш, тіс жонғылағыш, тіс сүргілегіш және тіс қашуғыш, тіс тегістегіш станоктардың кинематикалық схемалары мен құрылышын және оларды дәлдікке тексеру қағидалары.</p> <p>2. Жетектерді іріктеу қағидалары; шектеулер мен қондырмалардың жүйелері, дәлдік дәрежелері; кедір-бұдырылық квалитеттері мен параметрлері.</p>	<p>1. Бірегей тіс кескіш станоктардың конструкциясы және дәлдікке тексеру қағидалары.</p> <p>2. Металл кесу теориясының негіздері.</p> <p>3. Тригонометриялық функциялар мен тістік іліністердің түрлері.</p> <p>4. Жетектерді есептеу қағидалары.</p>

	2-еңбек функциясы. Бақылау-өлшеу аспаптары мен құрал-саймандарын қолдана отырып, оларды әртүрлі жазықтықтағы станокта аудара отырып, керек-жараптарды, кескіш құрал-саймандарды орнату	
Білігі мен дағдылары	<p>1. Сыналатын қурделі тораптар мен агрегаттарды бөлшектеуді, құрастыруды және реттеуді жүзеге асыру дағдылары.</p> <p>2. Бақылау-өлшеу аспаптары мен құрал-саймандарын қолданумен жұмыс істеу дағдылары.</p> <p>3. Табылған ақауларды жою білігі.</p>	1. Бақылау-өлшеу аспаптарын қолдана отырып, оларды әртүрлі жазықтықтағы станокта нақты аудара отырып, аралас бекітуді және арнайы құрделі керек-жараптарды талап ететін бөлшектерді орнату дағдылары.
Білімі	<p>1. Әмбебап және арнайы керек-жараптардың, жараптың конструкциялық ерекшеліктері.</p> <p>2. Кесу құрал-сайманның құрылышы және оны қайрау мен орнату қағидалары.</p>	<p>1. Бақылау-өлшеу құрал-саймандары мен аспаптарын баптау және ретке келтіру қағидалары.</p> <p>2. Кесу құрал-сайманның геометриясы; әмбебап және арнайы керек-жараптарды, бақылау-өлшеу құрал-саймандары мен аспаптарының құрылышы мен қолданылу қағидалары.</p>
Білігі мен дағдылары	3-еңбек функциясы. Баптағаннан кейін сынамалық бөлшектерді өндеду	<p>1. Жалпы слесарлық, тіс кесу, бұранда жонғылау, тіс қашау жұмыстарын орындау бойынша дағдылары.</p> <p>2. Сынама бөлшектерді өндеу процесінде станокты баптау және реттеу дағдылары.</p>
Білімі	<p>1. Жабдықтың бөлшектерін өндеудің технологиялық бірізділігін және жұмыс істеу режимдері.</p> <p>2. Орындалатын жұмыс шегінде металл технологиясының негіздері, металдардың механикалық қасиеттері.</p> <p>3. Кесу құрал-сайманның құрылышы және оны қайрау мен орнату қағидалары.</p>	<p>1. Станок жұмысының нәтижелері бойынша кесу режимдерін түзеу қажеттілігін анықтау білігі.</p> <p>1. Металл кесу теориясының негіздері.</p> <p>2. Станоктардың анықтамалықтары мен паспорттары бойынша кесу режимдерін анықтау қағидалары.</p>
Жеке құзыретіне қойылатын талаптар	Дербестігі. Орындаушылығы.	
С Б Ш шенберінде басқа кәсіптермен байланысы	7222	Автоматтар мен жартылай автоматтарды баптаушы Қашаушы Тіс кесуші Бұранда жонғылаушы

"Металл жабыны және бояу жабдығын баптаушы" КӘСІПТІҢ КАРТОЧКАСЫ

Кәсіптің коды	7222	
Кәсіптің атаяу	Металл жабын және бояу жабдығын баптаушы	
С Б Ш бойынша біліктілік деңгейі	3-4	
Б Т Б А бойынша біліктілік деңгейі	3-6	
Кәсіби білім деңгейі	<p>СБШ 3-деңгейі</p> <p>Негізгі орта білімі немесе практикалық тәжірибесі жок жалпы орта білімі базасында жалпы орта немесе техникалық және кәсіби білімі болуы кезінде практикалық тәжірибесі және/немесе кәсіби даярлығы (бір жылға дейінгі кәсіби даярлық бағдарламалары бойынша білім беру үйымдарының базасында курстар немесе кәсіпорында оқыту).</p>	<p>СБШ 4-деңгейі</p> <p>Жоғары деңгейлі техникалық және кәсіби білімі (қосымша кәсіби даярлық), практикалық тәжірибе.</p>
Еңбек функциялары	<p>1) Жабдықтың жекелеген агрегаттарын баптау.</p> <p>2) Автоматты және жартылай автоматты желілердің агрегаттары мен жабдығын жөндеу.</p> <p>3) Желілерді баптағаннан және жөндегеннен кейін бөлшектерді сынамалы өндіреу және оларды техникалық бақылау бөлімге тапсыру.</p>	
Білігі мен дағдылары	<p>СБШ бойынша біліктілік деңгейі: 3 (біліктілік разряды: 4-5)</p> <p>1-енбек функциясы. Жабдықтың жекелеген агрегаттарын баптау</p> <p>1. Жабдықтың жекелеген агрегаттары мен участкениң жартылай автоматты желілерін баптау бойынша операцияларды (майсыздандыру, шаю, пассирлеу, полимерлеу, дәрілеу, фосфаттау, алюминиелеу, анодтау, химиялық өндеу, хромдау, никельдеу, мыстау, мырыштау, қорғасындау, қалайылау, сырлау, кептіру, лактау, күйдіру; қаптау және сырлауға дайындау үшін металдау, қорғасындау аппараттарын, сырлау пульттерін; жартылай автоматты және автоматты желілер мен қондырғыларды; металмен қаптау және бояуды бағдарламамен басқаратын манипуляторларды (роботтарды); плазмалық, детонациялық және жоғары сапалы тозандандыру құрылғыларын) орындау білігі.</p> <p>2. Бағдарламамен басқарылатын өнеркәсіптік мани-пуляторларды (роботтардың) кармауыштары мен жекелеген тораптарын баптау дағдылары.</p> <p>3. Баптау карталарын толтыру мен оқу дағдылары.</p>	<p>СБШ бойынша біліктілік деңгейі: 4 (біліктілік разряды: 6)</p> <p>1. Металмен қаптау және бояу участкелерінің автоматты желілерін баптау бойынша операцияларды орындау білігі.</p> <p>2. Желілерді басқарудың күрделі тораптары мен жүйелерін бөлшектеу және құрастыру дағдылары.</p> <p>3. Өнеркәсіптік манипуляторларды (роботтарды) баптауды жүзеге асыру білігі.</p> <p>4. Плазмалық, детонациялық және жоғары сапалы тозандандыру қондырғыларын баптау дағдылары.</p>

		<ol style="list-style-type: none"> Орындалатын жұмыс шегінде пневмогидроэлектрлік автоматика, механика мен электроника негізі. Қызмет көрсетілетін агрегаттар мен жартылай автоматты желілердің құрылышы мен баптау тәсілдері. Қызмет көрсетілетін жартылай автоматты желілердің жабдығы мен механизмдерінің қағидаттық схемалары. Әмбебап және арнайы керек-жараптарды, бақылау-өлшеу аспаптарының құрылышы мен қолданылу қағидалары. 	<ol style="list-style-type: none"> Қызмет көрсетілетін автоматты желілердің құрылышы мен баптау тәсілдері. Қызмет көрсетілетін автоматты желілердің жабдығы мен механизмдерінің қағидаттық схемалары. Әнеркәсіптік манипулятордың құрылышы, олардың жұмысқа қабілеттілігін және жайғасу дәлдігін тексеру қағидалары.
Білімі		2-еңбек функциясы. Автоматты және жартылай автоматты желілердің агрегаттары мен жабдығын жөндеу	
Білігі мен дағдылары		<ol style="list-style-type: none"> Қызмет көрсетілетін агрегаттарды жөндеуді орындау білігі. Қызмет көрсетілетін жабдықтың ақаулықтарын жоюға арналған құрал-саймандар мен керек-жараптарды тандауды жүзеге асыру білігі. Винипласттан жасалған бөлшектерді пісіру және дәнекерлеу дағдылары. 	<ol style="list-style-type: none"> Автоматты желілердің үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету білігі. Арнайы керек-жараптардың және бақылау-өлшеу аспаптарының дұрыс таңдалуы мен орнатылуын тексеру дағдылары.
Білімі		<ol style="list-style-type: none"> Желіні жөндеу, іске қосу және жұмысын бақылау тәсілдері мен тәртібі. Электролиттердің, өрнектеу және шаю ванналары ерітінділерінің концентрациясы мен температурасын бақылау әдісі. Қызмет көрсетілетін желілердің қағидаттық электр схемалары; автоматты бақылау құралдарының жұмыс істеу қағидаты мен желіге қосу схемалары. 	<ol style="list-style-type: none"> Әмбебап және арнайы керек-жараптардың, жараптың конструкциялық ерекшеліктері, бақылау-өлшеу аспаптарын реттеу қағидалары. Автоматты желі механизмдерінің жұмыс барысындағы өзара әрекеттесу.
Білігі мен дағдылары		3-еңбек функциясы. Желілерді баптағаннан және жөндегеннен кейін бөлшектерді сыйнамалы өндедеу және оларды техникалық бақылау бөлімге тапсыру	
		<ol style="list-style-type: none"> Баптағаннан кейін бөлшектерді өндедеу. Жабынды көзбен тексеру. Бұйымды өндедің операциялық карталарын оқу білігі. 	
Білімі		<ol style="list-style-type: none"> Бөлшектер мен бұйымдарды жабу мен бояудың технологиялық процесі. Жабынды тексеру әдісі. 	
Жеке құзыретіне		Үлгілік практикалық міндеттерді шешу.	

көйылатын талаптар	Білімі мен практикалық тәжірибесінің негізінде іс-кимыл жасау тәсілін тандау.		
С Б Ш шеңберінде басқа кәсіптермен байланысы	7222	Лак бояу жабындарының жабдықтарын баптаушы.	
"Слесарь-электромонтаждауши" КӨСІБІНІҢ КАРТОЧКАСЫ			
Кәсіптің коды	7233		
Кәсіптің атаяу	Слесарь-электромонтаждауши		
С Б Ш бойынша біліктілік деңгейі	3		
Б Т Б А бойынша біліктілік деңгейі	2-6		
Кәсіби білім деңгейі	Негізгі орта білімі немесе практикалық тәжірибесі жоқ жалпы орта білімі базасында жалпы орта немесе техникалық және кәсіби білімі болуы кезінде практикалық тәжірибесі және/ немесе кәсіби даярлығы (бір жылға дейінгі кәсіби даярлық бағдарламалары бойынша білім беру үйімдарының базасында курстар немесе кәсіпорында оқыту).		
Еңбек функциялары	1) Электр техникалық жүйелердің жұмысқа қабілеттілігін қамтамасыз ету. 2) Тораптар мен аппараттарды құрастыру. 3) Ақауларды анықтау және жою.		
Білігі мен дағдылары	СБШ бойынша біліктілік деңгейі: 3 (біліктілік разряды:2-6) 1-енбек функциясы. Электр техникалық жүйелердің жұмысқа қабілеттілігін қамтамасыз ету 1. Механикалық және электрлік параметрлердің байланысын сақтаған кезде, жабдықпен жұмыс істей дагдылары. 2. Куаттылық жобасына сәйкес жабдықтың, аспаптардың, механизмдердің және кондырғылардың және жүктеулердің жұмыс істей режимін тексеру дағдылары.		
Білімі	1. Орындалатын жұмыс көлеміндегі электр техника негіздері. 2. Электр жабдығын, орнатылатын аппараттар мен аспаптардың схемаларын сынауга арналған техникалық талаптар. 3. Құрделілігі орташа іске қосу-реттеу аппаратурасы. 4. Электр қозғалтқыштарын орау-тығыздау материалдарын өндеу тәсілдері (сіндіру, майлау, пісіру, өру және т.б.).		
	2-енбек функциясы. Тораптар мен аппараттарды жинау 1. Әмбебап керек-жараптарды және құрал-саймандарды пайдалана отырып, қарапайым тораптар мен аппараттарды; арнайы керек-жараптар мен шаблондарды пайдалана отырып, құрделілігі орта және жоғары тораптар мен аппараттарды құрастыру. 2. Тұрақты және ауыспалы ток электр машиналарын және пісіру аппараттарын монтаждау және орнату. 3. Мыналарды орындау білігі: - жарық, күштік, дабыл, фидерлік және тарату желілерін тарту; - кірпіш және бетон қабырғаларда шлямбурмен және пневматикалық құрал-сайманмен ұясалу;		

Білігі мен дағдылары	<ul style="list-style-type: none"> - колмен және станоктарда сақылауды, бұрғылау, бұрап босату, бұранданы кесу; - түрлі қимадағы сымдардан жасалған электр схемаларын өру және толықтай корпустарға монтаждау; - күштік электр құрылғыларға арналған тарату қалқандарының коммутациясы бойынша жұмыс; - ток күші 1000 А-ға дейінгі қоректендіру станцияларының аппаратурасын орнату және толықтай байланыстыру; - түрлі құрылғылар мен машиналардағы электр машиналары мен электр аспаптарының күрделі тораптарын монтаждау, құрастыру, реттеу және тапсыру; - жекелеген тізбектердегі және түрлі қосылыстардағы сымдардың қуаттылығын, кернеуін, ток күшін және кедерісін өлшеу; - кернеуі 35 кВ-қа дейінгі жоғары вольтты жабдық пен желілерді (іске қосатын және реттейтін аппаратура бар тарату құрылғылары мен жоғары вольтты электр жабдығын) монтаждау және бөлшектеу; - желілік және ұштық муфталарды бөлшектеумен, ұзартумен және монтаждаумен және кабельді сынаумен траншеяларда, туннельдерде, каналдарда және блоктарда кабель тарту; - аппаратураны орнату орындарын белгілеу.
Білімі	<ol style="list-style-type: none"> 1. Электр машиналарының, аспаптардың, іске қосу аппаратурасының құрылышы мен қолданылу қағидатын және оларды монтаждауға арналған техникалық талаптар. 2. Электр жабдығын монтаждаудың, машиналарды, агрегаттарды, аппараттарды және электр аспаптарын құрастыру мен орнатудың технологиялық кезектілігі. 3. Жұмыс барысында қолданылатын материалдардың қолданылу мақсаты. 4. Құрастыру мен монтаждау кезінде қолданылатын слесарлық және бақылау-өлшеу құрал-саймандары, керек-жараптары және аппаратуралары. 5. Дәнекерлеу кезінде қолданылатын дәнекерлейтін затты және флюстерді.
Білігі мен дағдылары	<p>3-еңбек функциясы. Ақауларды анықтау және жою</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Электр аппаратурасын, сондай-ақ ірі тұракты және ауыспалы ток электр моторларын құрастыру, орнату және сынау кезінде туындастын ақауларды анықтау дағдылары. 2. Әмбебап және арнайы бақылау-өлшеу құрал-саймандарын, керек-жараптарын және аппаратурасын қол-дану дағдылары.
Білімі	<ol style="list-style-type: none"> 1. Орындалатын жұмыс көлемінде электртехника негіздері. 2. Электр машиналарының, аспаптардың, іске қосу аппаратурасының құрылышы мен қолданылу қағидаты және оларды монтаждауға арналған техникалық талаптар. 3. Электр машиналарын іске қосу қағидалары, олардың жұмыс істеу кезінде рұқсат етілген жүктеме. 4. Үлгілік практикалық міндеттер, білімі мен практикалық тәжірибесінің негізінде іс-қимыл тәсілін таңдау.
Жеке құзыретіне қойылатын талаптар	<p>Дербестігі. Орындаушылығы.</p>
СБШ шенберінде басқа кәсіптермен байланысы	
"Шанақтарды түзетуші" КӘСІБІНІҢ КАРТОЧКАСЫ	
Кәсіптің коды	7231

Кәсіптің атауы	Шанақтарды түзетуші
С Б Ш бойынша біліктілік деңгейі	3
Б Т Б А бойынша біліктілік деңгейі	
Кәсіби білім деңгейі	Негізгі орта білімі немесе практикалық тәжірибесі жоқ жалпы орта білімі базасында жалпы орта немесе техникалық және кәсіби білімі болуы кезінде практикалық тәжірибесі және/ немесе кәсіби даярлығы (бір жылға дейінгі кәсіби даярлық бағдарламалары бойынша білім беру үйымдарының базасында курстар немесе кәсіпорында оқыту).
Еңбек функциялары	<p>1) Шанақ бөлшектері мен тораптарының бетіндегі ақауларды анықтау.</p> <p>2) Шанақ бөлшектерін жөндеу.</p> <p>3) Қаптау бөлшектерін және шанақ тораптарын сырлау үшін түзету.</p>
Білігі мен дағдылары	<p>СБШ бойынша біліктілік деңгейі: 3 (біліктілік разряды: 3-5)</p> <p>1-енбек функциясы. Шанақ бөлшектері мен тораптарының бетіндегі ақауларды анықтау</p> <p>1. Шанақ бөлшектерінің беті мен бұрыштарындағы ақауларды көзben анықтау білігі.</p> <p>2. Есептеулер жүргізу және шанақ закымдануының сипаттыру білігі.</p> <p>3. Қалпына келтірудің технологиялық маршрутын жасау білігі.</p>
Білімі	<p>1. Жөндеу кезіндегі жұмыстарды орындау тәсілдері.</p> <p>2. Шанақты қалпына келтіру үшін қажетті тәсілдер, жабдықтар, керек-жараптар, құрал-саймандар.</p> <p>3. Пісірілетін бөлшектердегі ішкі кернеулер мен түрлендірулер пайда болу себептері, оларды алдын алу шаралары мен оларды жою тәсілдері.</p>
Білігі мен дағдылары	<p>2-енбек функциясы. Шанақ бөлшектерін жөндеу</p> <p>1. Автомобиљдің шанақ бөлшектерін бөлшектеу, құрастыру дағдылары.</p> <p>2. Санылаулары мен жанасатын жерлерін жетілдіре отырып, автомобильдердің тораптарын, есіктерін қыстыру дағдылары.</p> <p>3. Геометриялық формалары мен параметрлерін қалпына келтіру кезінде ойықтар мен тұтас шанақтың қигаш жерлерін жою дағдылары.</p> <p>4. Табақ металмен жұмыс істеу дағдылары (түзету, кесу, ауыстыру, қоймалау).</p> <p>5. Бөлшектерін ауыстыру және қалпына келтірілетін бөлшек қалыбын бере отырып, дайындалған шанақ бөлшектерінен немесе табақ металдан жасалған жөндеу ендірмелерін қолдану арқылы шанақты жөндеу дағдылары.</p>
Білімі	<p>1. Шанақ бөлшектерін толық және ішінара ауыстыру технологиялары.</p> <p>2. Шанақ цехының өндірістік процестері.</p> <p>3. Шанақты дайындау технологиясының, шанақты дайындау және жөндеу кезіндегі материалдардың, жөндеуге арналған жабдықтың, жөндеу үшін жараптың және құрал-саймандардың ерекшеліктері.</p>
	<p>3-енбек функциясы. Қаптау бөлшектерін және шанақ тораптарын сырлау үшін түзету</p> <p>1. Тегістеу құрал-сайманмен жұмыс істеу дағдылары.</p> <p>2. Дәнекерлеу мен пісіру жұмыстарын орындау білігі.</p> <p>3. Қалайылау, балқыту, тегістеу дағдылары.</p> <p>4. Балқытуға женіл автомобиль шанақтарының бөлшектері мен тораптарын дайындау дағдылары.</p> <p>5. Шанақтың дәнекерленетін жерлерінің бетін қалайылауға дайындау дағдылары.</p>

Білігі мен дағдылары	<p>6. Түзетуге арналған құрал-сайманның көмегімен және қалайы-қорғасынды дәнекерлерді, мастикаларды, пасталарды және полиэфирлі және эпоксидті тегістегіштерді пайдалана отырып, автомобилдер шанақтарының қаптау бөлшектері мен тораптарын бояу үшін түзету дағдылары.</p> <p>7. Шаблон бойынша тексере отырып, бетін айнадай етіп тегістеу.</p> <p>8. Үлгілік практикалық міндеттерді шешу, білімі мен практикалық тәжірибесінің негізінде іс-кимыл тәсілін таңдау.</p>
Білімі	<p>1. Автомобильдердің бөлшектері мен тораптарын түзету кезіндегі технологиялық тәсілдер мен олардың кезеңділігі.</p> <p>2. Жұмыста колданылатын материалдардың қасиеттері.</p> <p>3. Шанақтың бөлшектері мен тораптарын балқытуға дайындау қағидалары, ақауларды түзету тәсілдері.</p> <p>4. Шанақтың бөлшектері мен тораптарын балқыту мен қалайылау тәсілдері.</p> <p>5. Беттерді тегістеу тәсілдері.</p> <p>6. Түзетуге арналған құрал-сайманды баптау, түзетуге арналған шаблондарды белгілеу және жасау қағидалары.</p> <p>7. Тегістеу пасталарының, дәнекерлерінің, пластмассаларының маркалары мен қасиеттері.</p>
Жеке құзыретіне қойылатын талаптар	<p>Дербестігі.</p> <p>Орындаушылығы.</p>
С Б Ш шенберінде басқа кәсіптермен байланысы	
"Диагност-электрмеханигі" КӘСІБІНІҢ КАРТОЧКАСЫ	
Кәсіптің коды	Жаңа кәсіп
Кәсіптің атауы	Диагност-электрмеханигі
С Б Ш бойынша біліктілік деңгейі	3
Б Т Б А бойынша біліктілік деңгейі	-
Кәсіби білім деңгейі	Техникалық және кәсіби білім (орта буын маманы), ортадан кейінгі білім, практикалық тәжірибе, немесе жоғары білім.
Еңбек функциялары	<p>1) Бекітілген бағдарламалар бойынша тестілерді жүргізу.</p> <p>2) Электрондық жүйелдердегі керекті параметрлерді баптау.</p>
Білігі мен дағдылары	<p>СБШ бойынша біліктілік деңгейі: 3</p> <p>1-енбек функциясы. Бекітілген бағдарламалар бойынша тестілерді жүргізу</p> <p>1. Тест жүргізу үшін дилерлік жабдықты пайдалану білігі.</p> <p>2. Тестілеу қорытындылары бойынша үлгі ақауларды анықтау білігі.</p> <p>3. Автомобильдің электрондық схемаларын оқу дағдылары.</p>

Білімі	1. Автомобильдің электрондық жүйелерінің жұмыс істеу қағидаты. 2. Тест өткізу әдістемелері.
Білігі мен дағдылары	2-енбек функциясы. Электрондық жүйелердегі керекті параметрлерді баптау 1. Осы автомобильдің электрондық жүйелерінің негізгі параметрлерін баптау білігі. 2. Автомобильдің электрондық жүйелерінің негізгі параметрлерін реттеу дағдылары.
Білімі	1. Автомобильдің электрондық жүйелерінің негізгі параметрлері.
Жеке құзыретіне қойылатын талаптар	Қойылған міндетті орындау үшін жауапкершілік. Нәтижені көздеу.
СБШ шенберінде басқа кәсіптермен байланысы	

"Автомобильдерді құрастыру процесінің технологі" КӘСІБІНІҢ КАРТОЧКАСЫ

Кәсіптің коды	Жаңа кәсіп
Кәсіптің атауы	Автомобильдерді құрастыру процесінің технологі
СБШ бойынша біліктілік деңгейі	3
БТА бойынша біліктілік деңгейі	-
Кәсіби білім деңгейі	Техникалық және кәсіби білім (орта буын маманы), ортадан кейінгі білім, практикалық тәжірибе, немесе жоғары білім.
Еңбек функциялары	1) Құрастыру жұмыстарының технологиясының сакталуын бақылау. 2) Аralық бақылайтын тексеру кезеңдерінің орындалуын бақылау.
Білігі мен дағдылары	СБШ бойынша біліктілік деңгейі: 3 1-енбек функциясы. Құрастыру жұмыстарының технологиясының сакталуын бақылау 1. Құрастыру жұмыстарының технологиялық карталарын түсіну білігі. 2. Құрастыру жұмыстарының технологиялық процесін ұйымдастыру білігі. 3. Көтергіш көлік құралдарымен жұмыс істеу дағдылары.
Білімі	1. Автомобильдің құрылышы. 2. Технологиялық құрастыру желілерінің функциялары.
Білігі мен дағдылары	2-енбек функциясы. Аralық бақылайтын тексеру кезеңдерінің орындалуын бақылау 1. Бақылау-өлшеу аспаптарын пайдалану білігі. 2. Құрастыру жұмыстары кезеңдерінің уақытылы орындалуын бақылау білігі. 3. Өндірістік ақау жіберілген кезеңді анықтау дағдылары.
Білімі	1. Негізгі бақылау кезеңдері. 2. Негізгі бақылау параметрлері.
Жеке құзыретіне	

көйылатын талаптар	Койылған міндетті орындау үшін жауапкершілік. Нәтижені көздеу.
С Б Ш шеңберінде басқа кәсіптермен байланысы	
"Мехатроник" КӘСІБІНІҢ КАРТОЧКАСЫ	
Кәсіптің коды	Жаңа кәсіп
Кәсіптің атауы	Мехатроник
С Б Ш бойынша біліктілік деңгейі	3
Б Т Б А бойынша біліктілік деңгейі	-
Кәсіби білім деңгейі	Техникалық және кәсіби білім (орта буын маманы), ортадан кейінгі білім, практикалық тәжірибе, немесе жоғары білім.
Еңбек функциялары	<p>1) Автоматтандырылған және роботталған технологиялық желілердің жұмысын ұйымдастыру және бақылау.</p> <p>2) Автоматтандырылған және роботталған технологиялық желілердің жұмыс істеудің қамтамасыз ету.</p>
Білігі мен дағдылары	<p>СБШ бойынша біліктілік деңгейі: 3</p> <p>1-енбек функциясы. Автоматтандырылған және роботталған технологиялық желілердің жұмысын ұйымдастыру және бақылау</p> <p>1. Автоматтандырылған және роботталған технологиялық желілердің жұмысын бақылау білігі.</p> <p>2. Автоматтандырылған және роботталған технологиялық желілердің операторларының жұмысын ұйымдастыру білігі.</p> <p>3. Операторлардың жұмысын бақылау білігі.</p> <p>4. Автоматтандырылған және роботталған технологиялық желілерді монтаждау дағдылары</p>
Білімі	<p>1. Датчикердің, атқару механизмдерінің құрылышы мен жұмыс істеудің қағидаты.</p> <p>2. Гидропневмоэлектроавтоматика.</p> <p>3. Робототехника.</p>
Білігі мен дағдылары	<p>2-енбек функциясы. Автоматтандырылған және роботталған технологиялық желілердің жұмыс істеудің қамтамасыз ету</p> <p>1. Автоматтандырылған жабдықты баптау мен калибрлеу білігі.</p> <p>2. Автоматтандырылған және роботталған жабдық авариялық істен шыққан жағдайда шұғыл шара қолдану білігі.</p> <p>3. Автоматтандырылған және роботталған құрастыру желілерінің жұмысындағы ауытқуларды анықтау дағдылары.</p>
Білімі	1. Автоматтандыру және роботтау жабдығының негізгі сипаттамалары.
Жеке құзыретіне	

көйылатын талаптар	Койылған міндетті орындау үшін жауапкершілік. Нәтижені көздеу.
С Б Ш шеңберінде басқа кәсіптермен байланысы	
"Баптау және сынау технигі" КӘСІБІНІҢ КАРТОЧКАСЫ	
Кәсіптің коды	3112
Кәсіптің атауы	Баптау және сынау технигі
С Б Ш бойынша біліктілік деңгейі	5
Б Т Б А бойынша біліктілік деңгейі	-
Кәсіби білім деңгейі	Техникалық және кәсіби білім (орта буын маманы), ортадан кейінгі білім, практикалық тәжірибе, немесе жоғары білім.
Еңбек функциялары	<p>1) Ұйымдастыру-техникалық іс-шаралар.</p> <p>2) Тұрлі жабдық пен жүйелерді іске қосу-баптау жұмыстары.</p> <p>3) Қолданыстағы нормативтік құжаттарда белгіленген нысандар бойынша актілерді толтыру.</p>
Білігі мен дағдылары	<p>СБШ бойынша біліктілік деңгейі: 5</p> <p>1-енбек функциясы. Ұйымдастыру-техникалық іс-шаралар</p> <p>1. Жабдықты баптау мен сынауды ұйымдастыруды жетілдіруге бағытталған іс-шараларды өзірлеу дағдылары.</p> <p>2. Иске қосу-баптау жұмыстарының нәтижелері бойынша ақауларды анықтау үшін жабдықты қарап тек-серу дағдылары.</p> <p>3. Өз міндеттерін орындау барысында басқа өндірістік бөлімшелерімен өзара әрекеттесуді қамтамасыз ету.</p>
Білімі	<p>1. Монтаждау, баптау және сынау жұмыстарын жоспарлау тәртібі мен әдістері.</p> <p>2. Техникалық құжаттаманы өндеу және ресімдеу тәртібі.</p> <p>3. Экономика, өндірісті, еңбекті ұйымдастыру және басқару негіздері.</p> <p>4. Енбек заннамасының, еңбекті қорғау қағидалары мен нормаларының негізгі мәселелері.</p>
Білігі мен дағдылары	<p>2-енбек функциясы. Тұрлі жабдық пен жүйелерді іске қосу жұмыстары</p> <p>1. Иске қосу-баптау жұмыстарын ұйымдастыру дағдылары.</p> <p>2. Өлшеу аспаптарын, құрал-сайманды және керек-жабдықтарды пайдалану дағдылары.</p> <p>3. Аспаптарды қосу, қажетті сипаттамалар мен параметрлерді тіркеу дағдылары.</p> <p>4. Түзетілген жабдықтың және монтаждау жұмыстарының техникалық сипаттамаларының техникалық және жобалық құжаттамаға сәйкес болуын анықтау.</p> <p>5. Жұмыстар мен жабдықтың ақауларын анықтау, оларды жоюды қамтамасыз ету.</p>
	<p>1. Жабдықты қарастау тәртібі, оның ақауларын анықтау әдістері.</p> <p>2. Жабдық жұмысының параметрлерін, сипаттамаларын және режимының деректерін өлшеу тәсілдері.</p>

Білімі	3. Бапталатын және сыйналатын жүйелер мен кұрылғылардың негізгі техникалық сипаттамаларын, кине-матикалық схемаларының және тораптар мен элементтері құрастырмаларының ерекшеліктері. 4. Жұмыстарды жүргізуге арналған сметаны, жабдыққа, материалдарға, қосалқы бөлшектерге, өлшеу құралдарына және аспаптарға берілетін өтінімдерді толтыру тәртібі.
Білігі мен дағдылары	3-еңбек функциясы. Қолданыстағы нормативтік құжаттарда белгіленген нысандар бойынша актілерді толтыру 1. Алынған нәтижені өндеду білігі, қажетті техникалық есептеулерді жасау. 2. Актілер мен басқа техникалық құжаттаманы толтыру білігі. 3. Компьютерді міндеттерді орындауды қамтамасыз ететін көлемде пайдалана білу дағдылары.
Білімі	1. Монтаждау және баптау жұмыстарын жүргізу бойынша нормативтік, әдістемелік және басқа басқарушылық материалдар. 2. Жетекшілік ететін мәселелер бойынша іс қағаздарын жүргізуге арналған бағдарламалық қамтамасыз ету.
Жеке құзыретіне қойылатын талаптар	Қойылған міндеттерді орындау үшін жауапкершілік. Нәтижені көздеу.
СБШ шенберінде басқа кәсіптермен байланысы	

"Техник-механик" КӘСІБІНІҢ КАРТОЧКАСЫ

Кәсіптің коды	3115
Кәсіптің атауы	Техник-механик
СБШ бойынша біліктілік деңгейі	5
БТА бойынша біліктілік деңгейі	
Кәсіби білім деңгейі	Техникалық және кәсіби білім (орта буын маманы), ортадан кейінгі білім, практикалық тәжірибе, немесе жоғары білім.
Еңбек функциялары	1) Автомобиль көлігіне және көліктегі жабдыққа техникалық қызмет көрсету және жөндеу. 2) Көлік құралдарына диагностика жасау, жаңғырту және модификациялау үшін конструкторлық және технологиялық құжаттаманы әзірлеу. 3) Өндірістік учаскеде қауіпсіздік техникасын қамтамасыз ету.
Білігі мен дағдылары	СБШ бойынша біліктілік деңгейі: 5 1-еңбек функциясы. Нормативтік-техникалық құжаттама талаптарына сәйкес автомобиль көлігіне және көліктегі жабдыққа техникалық қызмет көрсету мен жөндеу 1. Автомобиль көлігін пайдалану барысында ауыстыру үшін автомобиль тораптары мен агрегаттарын таңдау дағдылары. 2. Кәсіпорындардың материалдары мен технологиялық жабдығын тиімді пайдалану білігі.

	<p>3. Монтаждау-бөлшектеу жұмыстарын және жөндеу операцияларын жүргізу білігі.</p> <p>4. Сынау және реттеу стенділерінде жұмыс істейу, бақылау-өлшеу аспаптары мен құрал-саймандарын қолдану білігі.</p>
Білімі	<p>1. Автомобильдер мен агрегаттарды жөндеу мен оларға техникалық қызмет көрсету сапасын бақылау тәсілдері.</p> <p>2. Автомобиль көлігінің сыныпталуын, негізгі сипаттамаларын және техникалық параметрлері.</p> <p>3. Машиналар мен механизмдерді жөндеу және оларға қызмет көрсету кезінде қолданылатын жабдықты және құрал-сайманды технологиялық және диагностикалық жарактау негіздері.</p> <p>4. Автомобильдер мен олардың агрегаттарын монтаждау мен бөлшектеу әдістері.</p> <p>5. Автомобиль көлігіне және көліктегі жабдыққа техникалық қызмет көрсету мен жөндеу бойынша нормативтік-техникалық құжаттаманың талаптары.</p>
Білігі мен дағдылары	<p>2-енбек функциясы. Көлік құралдарына диагностика жасау, жаңғырту және модификациялау үшін конструкторлық және технологиялық құжаттаманы әзірлеу</p> <p>1. Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету мен жөндеу бойынша технологиялық карталарды әзірлеу білігі.</p> <p>2. Техникалық құжаттаманы қолдану дағдылары.</p> <p>3. Кәсіби компьютерлік бағдарламалармен жұмыс істейу білігі.</p> <p>4. Стандарттарды қолдану білігі.</p>
Білімі	<p>1. Автомобильде қолданылатын негізгі конструкциялық материалдардың қасиеттері.</p> <p>2. Стандарттау саласындағы негізгі ережелер, жалпы түсініктер және анықтамалар.</p> <p>3. Автомобиль көлігін жобалау және оған техникалық қызмет көрсету, оны жөндеу және пайдалануды ұйымдастыру кезіндегі талдау жүйелері.</p> <p>4. Техникалық құжаттаманы әзірлеу және ресімдеу бойынша нормалар мен қагидалар.</p> <p>5. Кәсіби компьютерлік бағдарламалар.</p>
Білігі мен дағдылары	<p>3-енбек функциясы. Өндірістік участкеде қауіпсіздік техникасы мен еңбекті корғауды қамтамасыз ету</p> <p>1. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өрт қауіпсіздігі және өндірістік санитария қагидалары бойынша жөндеу жұмыстарындағы жұмысшыларға нұсқама жүргізу дағдылары.</p> <p>2. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өрт қауіпсіздігі және өндірістік санитария бойынша қажетті нормативтік құжаттаманы жүргізу дағдылары.</p> <p>3. Дәрігерге дейінгі алғашқы медициналық көмек көрсету.</p> <p>4. Өрт қауіпсіздігі қагидалары бойынша жөндеу жұмыстары мен айналысатын жұмысшыларға нұсқама жүргізу дағдылары.</p> <p>5. Жұмыс орнында еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өрт қауіпсіздігі және өндірістік санитария талаптарын сақтау.</p>
Білімі	<p>1. Еңбекті қорғау, еңбек қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғауды ұйымдастыру мәселелері.</p> <p>2. Автомобильге техникалық қызмет көрсету және жөндеу кезіндегі техникалық қауіпсіздік қагидалары.</p> <p>3. Өндірістік участкерлерде жөндеу жұмыстарымен айналысатын жұмысшылардың қызметін ұйымдастыру.</p> <p>4. Зардап шеккендерге дәрігерге дейін көмек көрсету қагидалары.</p> <p>5. Өрт қауіпсіздігі қагидалары.</p>
Жеке құзыретіне қойылатын талаптар	<p>Нәтижені көздеу.</p> <p>Ұжымда және командада жұмыс істейу білігі.</p>

С Б Ш
шешберінде
басқа
кәсіптермен
байланысы

"Инженер-технолог" КӘСІБІНІҢ КАРТОЧКАСЫ

Кәсіптің коды	2145
Кәсіптің атауы	Инженер-технолог
С Б Ш бойынша біліктілік денгейі	5
Б Т Б А бойынша біліктілік денгейі	-
Кәсіби білім денгейі	Техникалық және кәсіби білім (орта буын маманы), ортадан кейінгі білім, практикалық тәжірибе, немесе жоғары білім.
Еңбек функциялары	<p>1) Цехтарда технологиялық тәртіптің сақталуын және технологиялық жабдықтың дұрыс пайдаланылуын бақылау.</p> <p>2) Ақаудың және сапасы төмен өнімнің шығарылу себептерін талдау.</p> <p>3) Конструкторлық-технологиялық құжаттаманы әзірлеу.</p>
Білігі мен дағдылары	<p>СБШ бойынша біліктілік деңгейі: 5</p> <p>1-енбек функциясы. Цехтарда технологиялық тәртіптің сақталуын және технологиялық жабдықтың дұрыс пайдаланылуын бақылау</p> <p>1. Өндірістің технологиялық процестерінің тиімді нұсқаларын экономикалық түрғыдан негіздеу және таңдау білігі. 2. Өнімді техникалық бақылау және сынау әдістерін қолдану дағдылары. 3. Автоматтандыру және жобалау құралдарын қолданумен бәсекеге қабілетті өнімді шығаруды және оларды дайындауға жұмысалатын еңбек шығыстарын қысқартуды қамтамасыз ете отырып, кәсіпорын шығаратын өнімді шығаруға және курделілігі бойынша түрлі жұмыс түрлеріне жабдықтың және технологиялық жарактың, автоматтандыру және механикаландыру құралдарының түр-түрін қолдану дағдылары.</p>
Білімі	<p>1. Кәсіпорын өнімін шығару технологиясы.</p> <p>2. Технологиялық жабдықтың және олардың жұмыс істеу принциптерінің негізі.</p> <p>3. Өндірістің үлгілік технологиялық процестері мен режимдері.</p> <p>4. Шикізатқа, материалдарға, дайын өнімге қойылатын техникалық талаптар.</p>
Білігі мен дағдылары	<p>2-енбек функциясы. Ақаудың және сапасы төмен өнімнің шығарылу себептерін талдау</p> <p>1. Техникалық процестің бұзылыstryн анықтау және жою дағдылары.</p> <p>2. Кәсіпорын шығаратын өнімге келіп түсетін рекламацияларды карау дағдылары.</p> <p>3. Технологиялық құжаттаманы және өндірістік процестердің тиімділігін арттыру бойынша іс-шараларды әзірлеу дағдылары.</p> <p>4. Өнімнің жаңа түрлерін енгізуі үйымдастыру дағдылары.</p> <p>5. Технологиялық желілерді жаңадан жобалау дағдылары.</p> <p>6. Жаңа технологиялық процестерді әзірлеу білігі.</p> <p>7. Ақаудың және сапасы төмен және төмен сұрыпты өнімнің шығарылу себептерін талдау, олардың алдын алу және жою бойынша іс-шараларды әзірлеу білігі.</p>

Білімі	<p>1. Технологиялық және конструкторлық құжаттаманың бірыңғай жүйесінің талаптары.</p> <p>2. Өндірістегі технологиялық процесті жобалау және ұйымдастыру ерекшеліктері.</p> <p>3. Қаулыларды, өкімдерді, бүйрықтарды, әдістемелік және нормативтік материалдар.</p>
Білігі мен дағдылары	<p>3-енбек функциясы. Конструкторлық-технологиялық құжаттаманы әзірлеу</p> <p>1. Өндірістегі еңбекті ғылыми түрғыдан ұйымдастыру жүйесін енгізу және ұйымдастыру дағдылары.</p> <p>2. Технологиялық өндіріс процестерінің тиімді нұсқаларын экономикалық түрғыдан негіздеу және таңдау білігі.</p> <p>3. Нормативтік құжаттаманы, нұсқаулықты жасау білігі.</p> <p>4. Жабдықты орналастыру, жұмыс орындарын техникалық жараптау және ұйымдастыру, өндірістік куаттарға есептеу жүргізу және жабдықты жүктеу білігі.</p> <p>5. Технологиялық құжаттаманы, сызбаларды оқу дағдылары.</p> <p>6. Технологиялық процестерді талдау және пысықтау білігі.</p> <p>7. Компьютермен, инженерлік графика мен сызу бойынша бағдарламаны жетік менгеру.</p>
Білімі	<p>1. Техникалық нормативтер, нұсқаулықтар, құрастыру схемалары, маршруттық такси, өнімнің техникалық деңгей және өнімнің сапасы карталары мен басқа технологиялық құжаттама.</p> <p>2. Технологиялық процестерді және өндіріс режимдерін түзетумен байланысты техникалық құжаттамаға өзгерістер енгізу тәртібі.</p>
Жеке құзыретіне қойылатын талаптар	Бастамашылдық, жұмысқа творчестволық түрғыдан кірісу. Ұйымдастыру қабілеттері. Командада жұмыс істей білу.
С Б Ш шенберінде басқа кәсіптермен байланысы	
"Инженер" КӘСІБІНІҢ КАРТОЧКАСЫ	
Кәсіптің коды	2149
Кәсіптің атауы	Инженер
С Б Ш бойынша біліктілік деңгейі	5
Б Т Б А бойынша біліктілік деңгейі	
Кәсіби білім деңгейі	Техникалық және кәсіби білім (орта буын маманы), ортадан кейінгі білім, практикалық тәжірибе, немесе жоғары білім.
Еңбек функциялары	<p>1) Автомобилді монтаждау және синау саласындағы әдістемелік және нормативтік құжаттарды, техникалық құжаттаманы әзірлеу. Отандық және шетелдік ғылым, техника жетістіктерін енгізу, автомобиль жасаудағы озық тәжірибелі пайдалану.</p> <p>2) Автомобиль жасау кәсіпорны бөлімшелерінің жұмысының техникалық-экономикалық талдауы.</p> <p>3) Техникалық құжаттаманы толтыру.</p>

	СБШ бойынша біліктілік деңгейі: 5
Білігі мен дағдылары	<p>1-еңбек функциясы. Автомобилді монтаждау және сынау саласындағы әдістемелік және нормативтік құжаттарды, техникалық құжаттаманы әзірлеу. Отандық және шетелдік ғылым, техника жетістіктерін енгізу, автомобиль жасаудағы озық тәжірибелі пайдалану</p> <p>1. Инженерлік графика, технологиялық және өндірістік процестерді виртуалды модельдеу бойынша компьютерлік бағдарламаларды менгеру.</p> <p>2. Конструкторлық-технологиялық құжаттамамен жұмыс істеу білігі.</p>
Білімі	<p>1. Орындалатын жұмыс мәселелері бойынша директивалық және өкімдік құжаттар, әдістемелік және нормативтік материалдар.</p> <p>2. Кәсіпорынның (кәсіпорын бөлімшелерінің) техникалық даму перспективасы және қызмет ерекшеліктері.</p> <p>3. Әзірленетін және қолданылатын техникалық құралдарды, материалдардың жұмыс істеу қағидаты, техникалық сипаттамалары, конструктивтік ерекшеліктері мен олардың қасиеттері.</p> <p>4. Заманауи есептеуіш техника, коммуникация және байланыс құралдары.</p> <p>5. Техникалық құжаттаманы толтыру мен ресімдеу бойынша қолданыстағы стандарттар, техникалық талаптар, ережелер мен нұсқаулықтар.</p>
Білігі мен дағдылары	<p>2-еңбек функциясы. Жұмыстың техникалық-экономикалық талдауы</p> <p>1. Кәсіби қызмет саласында қолданылатын ақпаратты жинау, сактау және өндеу (редакциялау) ком-пьютерлік әдістерін білу.</p> <p>2. Алынған ақпаратты талдау және жүйелендіру білігі.</p> <p>3. Аз уақыт аралығына және болашаққа құнтізбелік жоспарлау дағдылары.</p> <p>4. Техникалық-экономикалық негіздерді білуі.</p>
Білімі	<p>1. Түрлі нұсқадағы математикалық талдау.</p> <p>2. Зерттеулер мен әзірлемелердің экономикалық тиімділігіне техникалық есептеулер жүргізу мен анықтау әдісі.</p> <p>3. Жоспарлау негіздері.</p> <p>4. Экономика негіздері</p>
Білігі мен дағдылары	<p>3-еңбек функциясы. Техникалық құжаттаманы толтыру</p> <p>1. Компьютерлік арнайы бағдарламаларды пайдалану дағдылары.</p> <p>2. Техникалық, қаржылық және адами факторларды ескере отырып, өндірістік қағидаттар мен қарым-қатынастардың негіздерін иелену және іс жүзінде қолдана білу.</p>
Білімі	<p>1. Енбекті ұйымдастыру және басқару негіздері.</p> <p>2. Еңбек заңнамасының негіздері.</p> <p>3. Енбекті қорғау қағидалары мен нормалары.</p>
Жеке құзыретіне қойылатын талаптар	<p>Кәсіпорын стратегиясы шеңберіндегі басқарушылық қызмет.</p> <p>Дербестігі.</p> <p>Ұйымдастыру кабілеттері.</p> <p>Командада жұмыс істей білуі.</p>
СБШ шеңберінде басқа кәсіптермен байланысы	
КС техникалық деректері	
Әзірленді	"Personnel Recruitment Center "Career-Holdings" жауапкершілігі шектеулі серікtestігі
Нұсқасының нөмірі мен	

шыққан жылы	1-нұсқасы, 2014 жыл
Болжамды қайта қарая куні	2017

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК